22-дәріс

Қазақстанның ашық университеті

# ЭКОНОМИКС

## Экономикалық циклдер

**Дәрістің жоспары:**

1. Экономикалық циклдің мәні.
2. Трендтік өсу қарқындары.
3. Экономикалық цикл моделдері.

## Экономикалық циклдің мәні

Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер үнемі өсу және баяулау кезеңдерінен өтіп отырады. Уақыт өте келе экономикалық және іскерлік белсенділік салыстырмалы түрде тұрақтылық, экономикалық даму, жұмыссыздықтың қысқаруы мен инфляцияның тұрақтану кезеңі, сонымен қатар, экономикалық дамудың құлдырауы мен жұмыссыздықтың өсуі сияқты кезеңдер аралығында ауытқып отырады. Экономиканың циклдік дамуын өлшеуді алғаш рет 1946 жылы Уэсли К. Митчел мен Артур Ф. Бернс ұсынды. Олар экономикалық дамудың ауытқуларын әртүрлі макроэкономикалық көрсеткіштер өзгерісіне қалай әсер ететінін қарастырды. Іскерлік белсенділіктің төмендеу фазаларына рецессия мен депрессия кезеңдерін жатқызды. Оларды қалай түсінеміз?

Рецессия – техникалық тұрғыда теріс экономикалық өсуден кейін жарты жыл бойы нақты табыстардың азаюы мен жұмыссыздықтың өсуі орын алатын іскерлік белсенділіктің төмендеу кезеңі.

Бұл фазада экономикалық дамудың көрсеткіштері күрт нашарлайды: өндіріс көлемі қысқарады, табыстар төмендейді, жұмысбастылық қысқарады, инвестициялық белсенділік төмендейді, бағалар құлайды, өндіргіш күштер біртіндеп істен шыға бастайды, негізгі капитал құнсызданады, жұмыссыздық өседі, кәсіпорындар жаппай жабыла бастайды, өндірістік қуаттар төмендейді.

Енді депрессия ұғымына тоқталайық.

Депрессия – терең рецессиямен сипатталатын іскерлік белсенділіктің төмендеу шегі.

Бұл фаза экономикалық дағдарыстың ең төменгі нүктесі болып табылады, яғни жаппай жұмыссыздық орын алады, жалақы мен пайыз мөлшерлемесі ең төменгі деңгейге жетеді, тауарлы-материалдық қорлар қысқарады, өндіріс тоқтайды, бағалардың төмендеуі де тоқтайды.

Сонымен, біз рецессия мен депрессия кезеңдерінде қандай жағдайлардың болатындығын түсіне алдық.

Осылармен байланысты тағы екі ұғым бар.

Экономикалық циклдерді экономикалық өсудің кезеңдеріне қарап, олардың өзгеріс нүктелерін білдіретін және іскерлік белсенділіктің шыңы мен түбін анықтау арқылы талдауға болады.

Іскерлік белсенділік шыңы – ұқсас экономикалық айнымалылардың төмендей бастайтын нүктесі. Бұл құбылыс жұмыспен қамту, өндіріс көлемі, бөлшек сауда және басқа да көрсеткіштер төмендей бастағанда пайда болады.

Іскерлік белсенділіктің түбі – ұқсас экономикалық айнымалылардың өсе бастайтын нүктесі. Түп нүктесі аталған экономикалық көрсеткіштер өсе бастаған кезде орын алады. Экономикалық деректердің күрделілігіне және олардың есептелу тәсілдеріне байланысты іскерлік белсенділік оқиғаларының қашан пайда болатынын алдын ала анықтау қиынға соғады. Сонымен қатар, жұмыспен қамту сияқты кейбір экономикалық көрсеткіштер басқа көрсеткіштерге қарағанда кешігіп барып өзгереді. Сондықтан, «кешігуші индикаторлар» деген пайда болады.

Сонымен, экономикалық цикл дегеніміз не?

Экономикалық цикл – макроэкономикалық тұрақсыздықтың белгісі ретінде нақты іскерлік белсенділік деңгейінің үнемі толқып және ауытқып отыруы немесе экономикалық дамудың жоғарылау кезеңдерінің құлдырау кезеңдерімен ауысып отыруын, сондай-ақ, экономиканың бір фазадан екінші бір фазаға өту аралығын (рецессия фазасынан келесі рецессия фазасына дейінгі аралық) айтамыз.

Экономикалық циклдің әрбір рецессиясы іскерлік белсенділіктің шың фазаларында жетіліп отырады. Бұлар өндірісті тұрақты түрде кеңейтудің фазалары болып табылады. Бұл кезеңдерде халықтың табыстары ұлғаяды, жиынтық тұтынушылық сұраныс өседі. Тұтынушылық сұраныстың өсуі кәсіпкерлерді өндіріс қуаттарын арттыруға және капитал салымдарын көбейтуге ынталандырады. Сәйкесінше, өндіріс құрал-жабдықтарына да сұраныс артады. Жалпы жиынтық сұраныстың өсуі қоғамдық өндірістің өсу қарқынынан басып озады. Жекелеген капиталдардың ағыны үздіксіз айналымға түседі, бәсекелік күрес төмендейді. Сондықтанда, өндірістерді жаңарту, жаңа еңгізілімдерді енгізу ынталары төмендейді. Ұдайы өндіріс салыстырмалы экстенсивті негізде жүріп отырады. Мұндай даму өндірістің өсу қарқыны жиынтық сұраныстың өсу қарқынын басып озғанға дейін жалғаса береді. Содан кейін барып тауарлардың артық өндірілуі пайда болып экономикалық дағдарыс туындайды. Экономикалық рецессия капиталдың артық жинақталуына алып келеді және ол үш формада көрініс табады: тауарлы капиталдың артық өндірілуі (өткізілмей қалған өнімдердің өсуі), өндіргіш капиталдың артық жинақталуы (қолданылмай қалған артық өндіріс қуатының пайда болуы, жұмыссыздықтың өсуі), ақшалай капиталдың артық жинақталуы (өндіріске тартылмай қалған ақша санының өсуі). Капиталдың артық жинақталуының жалпы нәтижесі болып өндіріс шығындарының өсуі, бағалардың құлауы және пайданың төмендеуі табылады.

Бірақ экономикалық рецессия ынталандырушылық («тазартушылық») қызмет атқарып, жаңа экономикалық дамуға тың серпін береді. Рецессия кезінде өндіріс шығындарын қысқартуға және пайданы көбейтуге ынта туады, бәсекелестік күшейеді. Экономикалық рецессия капиталдың пайдалы түрде жұмыс істеуіне мүмкіндік бермейтін өндіріс құрал-жабдықтарының моральдік жағынан тозуына алып келеді. Олай болса, ол жаңа техникалық негізде капиталды жаңартуға ынта туғызады. Осыған байланысты, рецессия экономиканың салыстырмалы түрде интенсивті дамуын бастап береді. Онымен дамудың бұрынғы кезеңі аяқталып, жаңа дамуға көшу орын алады.

Қазіргі нарықтық экономика оған мемлекеттің белсенді түрде араласуы жағдайында жұмыс істейді. Мемлекеттің экономикаға әсер етуі рецессиялардың тереңдігі мен жиілігі, цикл фазаларының ұзақтылығы және олардың арасындағы қатынастар сияқты экономикалық динамиканың сипатын өзгерте отырып, экономикалық циклдің қадамына маңызды түрде ықпал жасаудан көрінеді. Мемлекеттік реттеудің салдарынан циклдік қозғалыстың механизмі өзгереді.

Іскерлік белсенділіктің ауытқуларын жұмсартуға бағытталатын мемлекеттік реттеу антициклдік сипатқа ие болады. Мемлекеттің іскерлік белсенділікке әсер етуінің аса маңызды әдістеріне монетарлық және фискалдық саясаттардың құралдары жатады. Рецессия жағдайында мемлекеттің шаралары өндірісті ынталандыруға, ал шың жағдайында оны тежеуге бағытталады. Себебі экономиканың «қызып кетуін» суыту мақсатында мемлекет шың фазасында несиенің қымбаттауына, жаңа салықтарды енгізуге және ескі салықтарды көтеруге, жеделдетілген амортизацияны тоқтатуға және жаңа инвестицияларға салықтық жеңілдіктерді алып тастауға мүмкіндік жасайды. Ал жағдайларында жағдайларында керісінше, мемлекеттік шаралар несиені арзандатуға, салықтарды қысқартуға, амортизацияны жеделдетуге және жаңа инвестицияларға салықтық жеңілдіктерді қолдануға бағытталады.

## Трендтік өсу қарқындары

Бұл сұрақта сіздер тренд ұғымымен таныс боласыздар. Іскерлік белсенділіктің қарастырылып отырған даму параметрлері және экономикалық циклдің көрсеткіштері уақыт факторына тәуелді. Осыған байланысты уақыт қатары мәліметтері деген ұғым қалыптасады.

Уақыт қатары мәліметтері – белгілі бір экономикалық айнымалының бірнеше уақыт бойы және кезең бойынша реттелген көрсеткіштері. Уақыт қатарына сәйкес, экономикалық циклді талдауда кең қолданылатын негізгі көрсеткіш – нақты жалпы ішкі өнім. Нақты жалпы ішкі өнім белгілі бір уақыт кезеңінде табиғи жалпы ішкі өнімді сипаттайтын трендтің айналасында ауытқып немесе тербеліп отырады, яғни, нарық экономикасы жағдайында шынайы экономикалық тербелістер өзінің тепе-теңдік нүктесінен ауытқып отырады. Тренд дегеніміз не?

Тренд – уақыт қатары мәліметтері негізінде жатқан ұзақ мерзімді бірқалыпты қозғалыстар бағыты. Трендтің өзі бағытын қалыпты түрде жоғарылаушы, төмендеуші және тұрақты қылып өзгертеді. Амплитуда деген де ұғым бар.

Амплитуда – іскерлік белсенділіктің шыңы мен түбі арасындағы айырмашылық және өнімділік тренді.

Тренд белгілі бір уақыттағы көрсеткіштер қозғалысының заңдылығын көрсетеді және ол стационар мәліметтер және стационар емес мәліметтер болып бөлінеді.

Стационар мәліметтер – қарастырылып отырған кезеңде орташа мәні тұрақты болатын мәліметтердің уақыт қатарлары.

Стационар емес мәліметтер – қарастырылып отырған кезеңде орташа мәні тұрақсыз, яғни жоғарылап немесе төмендеп отыратын мәліметтердің уақыт қатарлары.

Алайда, кез келген статистикалық талдауда орын алатын жағдайларға назар аударып отыру керек. Мәселен, қандай мәліметтер жинақталу керек, ол мәліметтер қалай құрастырылу керек және олар қандай уақыт мерзімінде қарастырылғаны жөн деген мәселелер. Дегенмен экономикалық талдауда қолданылатын статистикалық көрсеткіштер бойынша экономистер арасында жиі келіспеушіліктер болып тұрады.

Осы аталған мәліметтер негізінде трендтің екі түрі қалыптасады:

1. Детерминистік тренд – талданып отырған сериялар үшін уақытқа тәуелсіз, әрбір кезең сайын тұрақты, оң немесе теріс шамаға өзгеріп отыратын қозғалыстар бағыты.
2. Стохастикалық тренд – трендтік айнымалылардың әрбір уақыт кезеңінде қандай да бір шамаға өзгеріп отыруын білдіретін қозғалыстар бағыты.

Экономистердің пікірінше, көбінесе экономикалық айнымалылар жұбының өзгерістеріне, әсіресе ЖІӨ өзгерісіне бақылау жасау керек. Мұнда экономиканың басқа айнымалылары, мәселен, инфляция мен жұмыспен қамту көрсеткіштері белгілі бір уақыт аралығында ЖІӨ-мен салыстырылады және олардың бір-бірімен қандай байланысы бар екендігі зерттеледі. Олай болса, экономикалық айнымалылардың екі түрі орын алады:

Біріншісі:

1. Проциклдік айнымалылар – өрлеу фазаларында ұлғаятын және рецессия фазаларында қысқаратын экономикалық параметрлер. Оларға жататындар: өндірістің жиынтық көлемі, өндірістік қуаттар, ақша агрегаттары, ақша айналымының жылдамдығы, қысқа мерзімдік пайыз мөлшерлемелері, бағаның жалпы деңгейі, корпорацияның пайдасы, т.б.
2. Контрциклдік айнымалылар – циклге қарсы жүріп отыратын, жандану фазаларында қысқаратын және құлдырау фазаларында ұлғаятын экономикалық параметрлер. Оларға жататындар: жұмыссыздық деңгейі, банкроттықтар саны, дайын өнім қорларының мөлшері, т.б.

Осы экономикалық параметрлер үш типті индикаторға бөлінеді. Осыларды да айтып өтелік.

1. Жетекші индикаторлар – бұлар рецессия фазасы орындалғанша дейін өзінің максимум (минимум) нүктесіне алдын ала жетіп қоятын индикаторлар. Әдетте, бұл индикаторлар экономикалық белсенділіктің болашақ өзгерістер бағытын болжайды. Бұларға мыналар жатады: өнеркәсіптегі жұмыс аптасының ұзақтылығы, үстеме жұмыс сағаттарының орташа саны, қайта құрылатын іскерлік кәсіпорындардың саны, қорлардағы өзгерістер, жаңа құрылыстық келісім-шарттарының саны, қор рыноктарының индекстері, корпорацияның пайдасы, ақша массасының өзгеруі, т.б.
2. Артқа қалушы индикаторлар – бұлар рецессия фазасы орындалған-нан кейін өзінің максимум (минимум) нүктесіне келіп жететін индикаторлар. Әдетте, бұл индикаторлар экономикалық белсенділіктегі өзгерістерден кейін пайда болатын құбылыстардың бағытын көрсетеді. Олар: мерзімі 15 аптадан асқан жұмыссыздар саны, жаңа кәсіпорындар салуға және құрал-жабдықтарға кететін шығындар, жалақыға кететін қомақты шығындар, коммерциялық банктердің пайыз мөлшерлемелерінің орташа деңгейі, т.б.
3. Сәйкес индикаторлар – бұлар экономикалық белсенділіктің өзгеруі-мен сәйкес және бір уақытта өзгеріп отыратын индикаторлар. Бұларға: ЖІӨ деңгейі, жұмыссыздар саны, өнімдер, жеке табыстар, өндірушілер бағасы, орталық банктің пайыз мөлшерлемелері, жарнамаға кететін шығындар, т.б.

Аталмыш индикаторлар экономикалық циклдердің мәнін түсіну және экономикалық белсенділіктің өзгерістерін белгілі бір уақыт аралығында болжауға болатынын немесе болжауға болмайтынын анықтау үшін қолданылады.

## Экономикалық цикл моделдері

Бұл сұрақта экономикалық циклдің әртүрлі модельдері туралы айтатын боламыз. Мұндай теориялардың ерекшеліктерін білу және түсіну сіздер үшін аса маңызды болып табылады.

Артур Бернс пен Уэсли Митчелл ұсынған үлгіде іскерлік белсенділіктің циклдері ұзақ мерзімдік өспелі трендтің айналасындағы толқулар (уақытша ауытқулар) ретінде сипатталады. Олар ұзақ мерзімдік трендті шығарылым көлемі мен жұмысбастылықтың салыстырмалы түрде ұзақ мерзімдік тұрақты және бірқалыпты алға басушылық қозғалысын анықтайтын тенденция, яғни ұзақ мерзімдік экономикалық өсуді (табиғи ресурстардың өсуі, жинақтау деңгейі, технологиялық алға жылжулар, т.б.) қамтамасыз ететін факторлар іс-әрекеттерінің нәтижесі деп түсінеді. Циклді анықтайтын факторлар ұзақ мерзімдік трендтің қалыптасуына әсер етпейді немесе олардың ықпалы аса шамалы болады.

Финн Кидланд, Эдвард Прескотт және Грегори Мэнкью сияқты бірқатар ғалымдар мынадай идеяны алға тартады, бұл жерде циклдік толқулар уақытша ауытқулардың нәтижесінде емес, тұрақты сілкіністердің әсерінен орын алып отырады. Олардың ойынша, егер кездейсоқ сілкіністің әсерінен сол жылы ұлттық табыс немесе шығарылым көлемі ұлғаятын болса, онда келесі алдағы жылдарда да ұзақ мерзімдік тренд жоғары болады, сол себепті шығарылымға ықпал ететін кездейсоқ әсерлердің салдарлары уақыт өткен сайын тұрақты толқуларға айналады. Сілкіністер немесе импульстер ұзақтылығы мен амплитудасы әртүрлі болып табылатын циклдерді туындатады.

Неоклассиктердің бизнес-цикл туралы үлгілері өткен ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап орын ала бастады. Олар өздерінің теориялық көзқарастарында жетілген бәсекелі нарықтық механизм және бағалар мен жалақының икемділігі туралы қағидаларына сүйенеді. Мұндай жағдайлардағы экономиканың әрекет етуіне әсер ететін циклдік толқуларды жиынтық ұсыныстың күрт өзгеруіне алып келетін сілкіністермен байланыстырады. Бұл теорияның іргетасы болып келесідей алғышарттар табылады:

- қысқа мерзімде жалақы мен бағалар икемді;
- қысқа мерзімді кезең классикалық дихотомия қағидасына сүйенеді, яғни нақты көрсеткіштердің (нақты ЖІӨ, жұмысбастылық деңгейі) өзгерісі атаулы шамалардың (ақша ұсынысы, бағалар деңгейі) өзгерісіне тәуелді емес, олар экономикада болып жатқан құрылымдық өзгерістермен түсіндіріледі;
- икемді бағалар арқылы IS-LM үлгісін қолдану.

Нақты бизнес-цикл теориясын жақтаушылар кейнстік IS-LM үлгісін пайдалана отырып мынадай қорытындыға келеді: толық жұмысбастылыққа сәйкес өндіріс көлемін әлеуетті деңгейінде ұстап тұру тек тиімді сұраныс пен әлеуетті ЖІӨ-нің теңдігі жағдайында ғана қол жеткізілуі мүмкін. Демек, бұл теңдікті икемді бағалар ғана қамтамасыз ете алады.

Егер ақша нарығында өзгерістер орын алса, онда бағалар игіліктер нарығы мен ақша нарығындағы теңдікті сақтап тұра алатындай жағдайда өзгеруі тиіс, соған байланысты экономикалық динамиканың тұрақтылығы орындалып нақты параметрлер өзгеріссіз қалады.

## Түйін

1. «Цикл» термині экономиканың «бәрі қайтып оралады» тәсілдемесі түрін білдіреді. Экономикалық цикл – нақты жалпы ішкі өнім түрінде көрінетін іскерлік белсенділік деңгейінің белгілі бір уақыт аралығында үнемі толқып және ауытқып отыруы. Экономикалық дамудың жоғарылау кезеңдерінің құлдырау кезеңдерімен ауысып отыруын, сондай-ақ, экономиканың

бір фазадан екінші бір фазаға өту аралығы (рецессия фазасынан келесі рецессия фазасына дейінгі аралық).

2. Рецессия – техникалық тұрғыда теріс экономикалық өсуден кейін жарты жыл бойы нақты табыстардың азаюы мен жұмыссыздықтың өсуі орын алатын іскерлік белсенділіктің төмендеу кезеңі. Депрессия – терең рецессия-мен сипатталатын іскерлік белсенділіктің төмендеу шегі.

3. Тренд – уақыт қатары мәліметтері негізінде жатқан ұзақ мерзімді бірқалыпты қозғалыстар бағыты. Трендтің өзі бағытын қалыпты түрде жоғарылаушы, төмендеуші және тұрақты қылып өзгертеді. Тренд белгілі бір уақыттағы көрсеткіштер қозғалысының заңдылығын көрсетеді және ол стационар мәліметтер және стационар емес мәліметтер болып бөлінеді.

4. Экономикалық цикл үрдісінде әртүрлі орын алатын экономикалық көрсеткіштер мәндерінің ауытқып отыруына байланысты, осы экономикалық көрсеткіштер проциклдік айнымалылар және контрциклдік айнымалылар болып бөлінеді.

5. Экономикалық параметрлер үш типті индикаторға бөлінеді: жетекші индикаторлар; артқа қалушы индикаторлар; сәйкес индикаторлар. Бұл индикаторлар экономикалық циклдердің мәнін түсіну және экономикалық белсенділіктің өзгерістерін белгілі бір уақыт аралығында болжауға болатынын немесе болжауға болмайтынын анықтау үшін қолданылады.

## Шолу сұрақтары:

1. Экономикалық цикл дегеніміз не?
2. Экономикалық циклдің ауытқу себептері қандай?
3. Тренд дегеніміз не және оның түрлері қандай?
4. Экономикалық белсенділіктің төмендеу фазаларында қандай жағдайлар орын алады?
5. Экономикалық белсенділіктің шың фазаларында қандай жағдайлар орын алады?
6. Экономикалық циклдің ауытқуы кезінде нақты жалпы ішкі өнім мен табиғи жалпы ішкі өнімнің арасында қандай айырмашылықтар байқалады?
7. Экономикалық циклдің себептері мен факторлары қандай?
8. Экономикалық циклдің параметрлері мен индикаторлары қандай?
9. Мемлекеттің антициклдік саясаты қалай жүргізіледі?
10. Экономикалық циклдің қандай теориялық моделдері бар?

## Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Доғалов А.Н., Досмағанбетов Н.С. Макроэкономика: экономикалық мамандықтарға арналған оқулық / ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы. 2-басылым, өңделген және толықтырылған. – Алматы, Print-S, 2012. – 460 б. 11-тақырып.

2. Мамыров Н.Қ., Тілеужанова М.Ә. Макроэкономика: Оқулық. – Алматы: Экономика, 2003. 3-тарау.

3. Макроэкономика: Учебник / Под общ. ред. А.А. Абишева, К.А. Хубиева. – Алматы: «Экономика», 2009. Раздел 4, глава 10.

4. Вечканов Г.С., Вечканова Г.Р. Макроэкономика. 4-е изд. – Спб.: Питер, 2011. Глава 9.

5. Агапова Т.А., Серегина С.Ф. Макроэкономика: учебник / Под общ. ред. д.э.н., проф. А.Ф. Сидоровича; МГУ им. М.В. Ломоносова. – 10-е изд., перераб. и доп. – М.: Издательство «Дело и Сервис», 2013. Глава 3.

6. Курс экономической теории: учебник – 7-е исправленное, дополненное и переработанное издание / Под общ. ред. Чепурина М.Н. и Киселевой Е.А. – Киров: «АСА», 2017. (Раздел 3: Макроэкономика; Раздел 4: Международные аспекты экономической теории). Глава 19.

7. Селищев А.С. Макроэкономика. 3-е изд. – Спб.: Питер, 2005. Главы 16.

8. Ивашковский С.Н. Макроэкономика: Учебник. 2 – изд., испр., доп. – М.: Дело, 2002. Глава 3.

9. Н. Грегори Мэнкью. Принципы макроэкономики. 4-е изд. / Пер. с англ. – СПб.: Питер, 2012.–544 с.